

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 ақпандағы № 54 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 ақпанда № 5446 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағы 10) тармақшасына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шардара аудандық құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Шардара су қоймасынан кеме жай тұрағы құрылысы үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, жер учаскелеріне уақытша өтеусіз қысқа 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Алынып тасталды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 08.07.2022 № 188 қаулысымен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Таженовке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Жолдыбай

Шардара ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы "25" ақпандағы  
№ 54 қаулысына қосымша

## Кеме жай тұрағы құрылысы үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер көлемдері

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері | Қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар) | соның ішінде             |              |
|---|---------------------------------|-------------------------------------------------|--------------------------|--------------|
|   |                                 |                                                 | Ауданның арнайы жер қоры | Су қоры жері |
| 1 | 2                               | 3                                               | 4                        | 5            |
| 1 | Шардара ауданы аумағы           | 0,76                                            | 0,71                     | 0,5          |
|   | Барлығы                         | 0,76                                            | 0,71                     | 0,5          |

